

БІЗДІҢ ТҮЛЕКТЕР



Аймағамбетов Ерқара Балқараұлы

Қарағанды экономикалық университеті ректоры, э.ғ.д., профессор

«Еуразия» ХЭА академигі

1970 жылы Қарағанды кооперативтік Орталық Кеңес институтын үздік бітірді. 1989 жылы Т.Шевченко атындағы Киев мемлекеттік университетінде «Саяси экономия» мамандығы бойынша докторлық диссертациясын табысты қорғады. 1991 жылдан 1997 жылға дейін - Қарағанды кооперативтік Орталық Кеңес институтының оқу жұмысы бойынша проректоры. 1997 жылдан бастап Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің ректоры. Қарағанды облысының аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы, «Нұр

Отан» ХДП ҚОБ негізіндегі паракорлыққа қарсы қоғамдық кеңес төрағасы, Қарағанды облысында мемлекеттік қызмет істері бойынша ҚР Агенттігінің Тәртіптік кеңесі мүшесі. В.И.Ленин туғанына 100 жыл мерейтойы қарсаңында «Ерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталды, «Еңбек айбыны үшін» медалімен, «Құрмет» орденімен (2004), «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» мерейтойлық медалімен, «А.Байтұрсынов» күміс медалімен (2006), Қазақстан Республикасының Парламенті 10 жылдығына арналған медалімен (2007), «10 жыл Астана» мерейтойлық медалімен (2007), «Парасат» орденімен (2009) марапатталды.



Әшляев Хазбулат Сопыжанұлы

Қазтұтынуодағы төрағасы

1949 жылғы 21 қаңтарда Қарағанды қаласында дүниеге келді. Қарағанды кооператив институтын 1970 жылы бітірді. Экономист.

Институтты бітіргеннен кейін Қарағанды облыстық тұтыну одағы аудандық базасының тауартанушысы, нұсқаушысы, ұйымдастыру бөлімінің бастығы (1970-1975жж.); Қарағанды қалалық атқару комитетінің сауда бөлімінің меңгерушісі (1975-1980жж.); Қарағанды облыстық партия комитетінің нұсқаушысы (1980-1983жж.); Қарағанды облыстық сауда басқармасы бастығының орынбасары (1983-1985жж.); Талды-Қорған облыстық сауда басқармасының бастығы (1985-1988жж.); Қазақстанның коммунистік партиясының Орталық

комитетінің нұсқаушысы (1988ж.); Қазтұтынуодағының Басқарма төрағасының орынбасары (1988-1989жж.); Алматы облыстық тұтыну одағы төрағасы (1989-1999жж.); 1999 жылдың 1 тамызынан бастап – ҚР тұтыну кооперация Одағы басқарма төрағасы (Қазтұтынуодағы) лауазымдарында қызмет атқарды.

Алматы облыстық маслихатының депутаттар мәжілістерінің депутаты (1994-1999жж.).

Спорттық жетістіктер: жасөспірімдер арасында Қарағанды облысының жеңімпазы, Қазақ ССР ЖОО спартакиадасының жүлдегері.



Ныыматуллин Ерлан Зайроллаұлы

ҚР Парламенті Сенатының депутаты (2011-2015 жж)

ҚР Парламенті Сенатының, депутаты табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту жөніндегі Комитет мүшесі.

Қарағанды кооперативтік институтын экономист;

Ресей-Қазақстан Қазіргі заманғы Гуманитарлық университетін, заңгер мамандықтары бойынша тәмамдаған.

Экономика ғылымдарының кандидаты.

ҚР Парламенті Мәжілісінің II - III - IV шақырылымының депутаты болған.

ҚР Парламенті Мәжілісінің III - IV шақырылымында Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің

Төрағасы болып сайланған. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы Парламентаралық Ассамблеясының мүшесі, Америка Құрама Штаттары Конгресімен, Әзірбайжан Республикасы Милли Меджлисімен (Ұлттық Жиналысы) ынтымақтастық тобының мүшесі.

2011 жылдың қыркүйек айынан бастап ҚР Парламенті Сенатының Табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі.

«Құрмет» (2006), ТМД ПАА «Содружество» (2008) ордендерімен, бес медальмен, соның ішінде «Шапағат» (2001) медалімен марапатталған.



Қаржасов Базарбай Қарабайұлы

Қарғанды Облұтынуодағы төрағасы

Қаржасов Базарбай Қарабайұлы (1952ж.т), заңгер-экономист.

Ынтымақ ауылының тумасы. ҚарПи, ҚЭУ (1974, 2000) бітірген. Нұра ауданы тұтынушылар одағында бухгалтер, бас бухгалтердің орынбасары, жұмысшылар кооперативі бас кеңсесінің аға бухгалтері, төрағасы, аудан тұтынушылар одағының төрағасы (1974-1993), 1993 жылдан Қарағанды облысы тұтынушылар одағы басқармасының төрағасы. «ҚР Тәуелсіздігіне 10 жыл» медалімен марапатталған.

2014 жылы оған Нұра ауданы Құрметті азаматы атағы берілді.



Әбденов Серік Сақбалдыұлы – Еңбек және әлеуметтік қорғау министрі (2012-2013 жж)

Қазақ құқықтану және халықаралық қатынастар институтын (1998) заңгер мамандығы бойынша; Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетін (2004) экономист мамандығы бойынша бітірген.

1998 жылдан - ҚР Әділет министрлігі Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу басқармасы бөлімінің

бас маманы, бастығы. 2000 жылдан - заң сараптамасы бөлімінің бастығы, бақылау және құжаттық айналым басқармасының бастығы, ҚР СІМ аппараты жетекшісінің орынбасары. 2003 жылдан - коммерциялық құрылымдарда жұмыс істеген. 2004 жылдан - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек және халықты еңбекпен қамтамасыз ету департаменті директорының орынбасары, директоры. 2007 жылдан - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі. 2009 - 2012 жылдар аралығында Шығыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары. 2012 жылдың қыркүйегінен 2013 жылдың маусымына дейін ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі болып қызмет еткен. Дәл қазіргі уақытта ол «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ басқарма төрағасының кеңесшісі



Нөгербеков Серік Нөгербекұлы – ҚР Парламенті Сенатының депутаты (2012-2015 жж), ҚР республикалық бюджеттің орындалуын бақылау жөніндегі Есеп Палатасының мүшесі

1984 жылы Қарағанды кооперативтік институтын бітірген. Экономика ғылымдарының докторы.

Еңбек жолын 1984 жылы Қарқаралы мал дәрігерлік техникумында комсомол комитетінің хатшысы болып бастаған.

1985 жылғы маусым - 1986 жылғы қараша аралығында – Кеңес армиясында мерзімді қызмет өткерген.

1986 жылғы қараша - 1987 жылғы желтоқсан аралығында – Қазақстан ЛКЖО Қарқаралы аудандық комитетінің екінші

хатшысы.

1987 жылғы желтоқсан - 1988 жылғы желтоқсан аралығында – «Қарағанды Трансагенттік» АТК Қарқаралы агенттігінің бастығы.

1988 жылғы желтоқсан - 1991 жылғы мамыр аралығында – Агроөнеркәсіп кешені кәсіподақ қызметкерлерінің Қарқаралы аудандық комитетінің нұсқаушысы.

1991 жылғы мамыр - 1992 жылғы қаңтар аралығында – «Алтын Емел» АҚ-да жабдықтау жөніндегі менеджер болып жұмыс атқарған.

1992 жылғы қаңтар - 1994 жылғы ақпан аралығында – Республикалық сыртқы экономикалық «Қазөнеркәсіпэкспорт» кәсіпорыны «Көмір-экспорт» фирмасының директоры.

1994 жылғы ақпан - 1998 жылғы маусым аралығында – Мемлекеттік сыртқы экономикалық «Қазыбек» корпорациясының вице-президенті.

1998 жылғы маусым - 2000 жылғы қаңтар аралығында – Қазақстан Республикасындағы Мемлекетаралық «Мир» телерадиокомпаниясының филиалы директорының орынбасары.

2000 жылғы қаңтар - тамыз аралығында – «Аймақаралық клиринг палатасы» ААҚ Директорлар кеңесінің төрағасы.

2000 жылғы тамыз - 2002 жылғы шілде аралығында – Қарағанды облыстық Қаржы басқармасының бастығы.

2002 жылғы шілде - 2005 жылғы қыркүйек аралығында – Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі Қаржылық реттеу департаментінің директоры.

2005 жылғы қыркүйек - 2007 жылғы ақпан аралығында – «Еснұр және К» ЖШС Директорлар кеңесінің төрағасы.

2007 жылғы ақпан - 2009 жылғы маусым аралығында – Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ Президенті.

2009 жылғы маусым - 2012 жылғы қараша аралығында – Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Әлеуметтік-экономикалық мониторинг бөлімінің меңгерушісі.

2012 жылғы қараша - 2015 жылғы қыркүйек аралығында – Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының бесінші шақырылымының депутаты.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің 2015 жылғы 9 қыркүйектегі қаулысымен Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мүшесі.

«Парасат» орденімен (2015 ж.), «Ерен еңбегі үшін» медалімен (2008 ж.), 8 мерейтойлық және ведомстволық медальмен марапатталған.



Әбішев Жандос Ақылсерікұлы - Қарағанды облысы әкімінің әлеуметтік сала және ішкі саясат мәселелері жөніндегі орынбасары

Үш жоғары білімі бар. 1994 жылы «Дене шынықтыру» мамандығы бойынша Қарағанды педагогикалық институтын бітірді. 2000 жылы «Құқықтану» мамандығы бойынша «Фемида» заң институтын бітіріп, екінші жоғары білімге ие болды. Заңгер. 2005 жылы Қарағанды экономикалық университетін бітірген соң «Қаржы» мамандығы бойынша диплом алды. «Мамандығы: қаржы менеджменті» қаржы бакалавры мамандығына ие болды.

Еңбек жолын 1994 жылы бастады.

1994 жылдан бастап 1995 жылға дейін Қазақстан тұтынушылар одағы университетінде дене тәрбиесі кафедрасында оқытушысы;

1998 жылдан бастап 1999 жылға дейін Қарағанды облысы бойынша Ақпарат және қоғамдық келісім басқармасының бұқаралық ақпарат және реформаларды насихаттау бөлімінің бас маманы;

2000 жылдан бастап 2001 жылға дейін Қарағанды облысы Әділет басқармасы Қарағанды қ., Октябрь аудандық соты Киров сот учаскесінің бас маманы;

2001-2003 жылдар бойы Қарағанды облысы Сот әкімшілігінің материалдық-техникалық қамтамасыз ету бөлімінің бас маманы, бастығы;

2003-2005 жылдар бойы Қарағанды облысы Сот әкімшілігінің қаржы мәселелері жөніндегі орынбасары;

2005-2012 жылдар бойы Қарағанды облысы Жұмыспен қамтуды және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының бастығы;

2012 жылы Қарағанды облысы әкімінің кеңесшісі;

2012 жылдан бастап 2013 жылға дейін Қазақстан Республикасы Президент Әкімшілігінің Қазақстан халқы Ассамблеясы Хатшылығының инспекторы;

2013 жылғы тамыз айынан бастап 2014 жылға дейін Жұмыспен қамтуды және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының басшысы;

2014 жылдың 12 қыркүйегінен бастап Қарағанды облысы әкімінің орынбасары болып тағайындалды.

«Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл», «10 жыл Астана» мерейтойлық медальдарымен, «Даңқ жұлдызы – Қазақстан экономикасы» Ұлттық Бизнес – рейтингінің орденімен, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылық Министрлігінің төс белгісімен,

Қазақстан Республикасы Президентінің алғыс хатымен, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрінің Құрмет грамотасымен, Қарағанды облысы әкімінің алғыс хатымен марапатталды.



Ысқақов Жанат Маратұлы - Қарағанды облысы әкімі аппаратының басшысы

Білімі жоғары. 2006 жылы Қарағанды экономикалық университетін бітірді. Маманы бойынша юриспруденцияның бакалавры.

Еңбек жолын 1999 жылы бастады. Экономика, өнеркәсіп және кәсіпорын басқармаларында әртүрлі мамандарында, Қарағанды қаласының экономика және кәсіпорын дамуының бас басқармасында жұмысын атқарды. Облыс әкімі аппаратының бір қатар бөлімдерді басқарды.

2009-2011 жылдар бойы Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары, облыс әкімінің кеңесшісі, облыс әкімі аппараты басшының орынбасары болып қызмет істеді.

Тағайындау алдында Қарағанды қаласының Қазыбек би атындағы ауданының әкімі болған.



Любарская Ирина Юрьевна - Қарағанды қаласы әкімінің ішкі саясат және әлеуметтік сала мәселелері бойынша орынбасары

1967 жылғы 24 қарашада Қарағанды облысы Шахан поселкесінде туған, ұлты – орыс. Білімі – жоғары, 1989 жылы Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін «Физика» мамандығы бойынша, 2007 жылы Қазтұтынуодағының Қарағанды экономикалық университетін «Заңгер» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек қызметін 1989 жылы физика пәнінің мұғалімі болып бастаған.

1995-1997 жж. - Киров аудандық әкімшілігінің ішкі саясат секторының бас маманы;

1997-2003 жж. - Октябрь ауданы әкімі аппаратының аймақтық бөлімі бастығының орынбасары, ұйымдық және кадрлық жұмыс бөлімінің бастығы;

2003-2010 жж. - Қарағанды облысының ішкі саясат департаменті бөлімінің меңгерушісі, аталған басқарма бастығының орынбасары және бастығы;

2010-2011 жж. - Октябрь ауданы әкімінің әлеуметтік сала мәселелері бойынша орынбасары;

2011 ж. - «Қарағанды қаласының ішкі саясат бөлімі» ММ бастығы лауазымына тағайындалған.



Нұрлыбаев Ержан Шәкірұлы – Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасының басшысы

1998 жылы Қарағанды мемлекеттік медициналық академиясын «Емдеу ісі» мамандығы бойынша аяқтаған, сондай-ақ Қазтұтынушылар одағының Қарағанды экономикалық университетін 2011 жылы «Менеджмент» мамандығы бойынша бітірген, медицина ғылымдарының кандидаты.

1998-2000 жылдары Қарағанды мемлекеттік медицина академиясының базасында клиникалық ординатурадан өтті. 2000-2005 жылдары Қарағанды қ. №1 Көпсалалы клиникалық ауруханасында дәрігер-хирург болып қызмет

атқарды. 2005 жылы Қарағанды қ. №1 Көпсалалы клиникалық ауруханасы директорының емдеу жұмысы жөніндегі орынбасары лауазымына тағайындалған. 2007 жылы Қарағанды облысының денсаулық сақтау Департаментінің бас маманы болып тағайындалған. 2008-2010 жылдары медициналық көмекті ұйымдастыру бөлімінің бастығы ретінде жұмысын жалғастырды. 2012 жылы «Профессор Х.Ж.Мақажанов атындағы травматология және ортопедия облыстық орталығы» КМК директоры болып тағайындалды.

07.04.2014 жылы «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ басшысы болып тағайындалды.

Сабырбаева Салтанат Кәкімжанқызы - Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті төрағасының орынбасары

1979 жылы 20 тамызда Алматы облысында туды. 2 жоғары білімі бар: 2000 жылы Қазақ мемлекеттік заң академиясын заң тану мамандығы бойынша бітіріп шықты; заңгер. 2004 жылы Қарағанды университетінің Қазтұтынуодағы қаржы және кредит, экономист мамандығы бойынша бітіріп шықты.

Еңбек жолын Алматы қ. Алматы облыстық сотының сот отырысы хатшысы лауазымынан бастады, ал 2002 жылғы наурызынан бастап 2003 жылғы наурызы аралығында Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі заң бөлімінің бас маманы болып қызмет атқарды. Мемлекеттік материалдық резервтер жүйесінде 2003 жылғы сәуірі мен 2005 жылғы ақпаны аралығында заң бөлімінің бас маманы лауазымында қызмет атқарды, 2005 жылғы наурызынан бастап 2014 жылғы сәуірге дейін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті Әкімшілік жұмыс және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы, 2014 жылғы сәуірден бастап Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті төрағасының орынбасары болып қызмет атқарды.

2014 жылғы тамыздан бастап 2017 жылғы қаңтар аралығында - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті төрағасының орынбасары.

Нұрқанов Данияр Айдарханұлы - Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті Экономика, қаржы және құжаттамалық қамтамасыз ету басқармасының басшысы

2011 жылы Қазақ тұтынушылар қоғамы Қарағанды экономикалық университетін аяқтады, мамандығы – заңгер.

Еңбек жолын 2004 жылы «Валют Транзит Банк» АҚ-да жеке тұлғаларға қызмет көрсету бойынша белсенді операциялардың маманы болып бастады. 2006 жылғы қаңтардан 2008 жылғы қаңтарға дейін «Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша басқармасы» ММ-де бағдарламашы-бухгалтер болып жұмыс істеді. 2008 жылғы қаңтар мен ақпан аралығында «ҚР Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті Балалардың құқықтарын қорғау департаменті» ММ-де қаржы бөлімінің бас маманы. 2008 жылғы ақпан мен 2011 жылғы ақпан аралығында «ҚР Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті» ММ-де қаржылық-экономикалық басқармасының сарапшысы, бас сарапшысы. 2011 жылғы қыркүйек пен 2012 жылғы тамыз аралығында ҚР Жоғарғы Соты жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің қаржы бөлімінің сарапшысы.

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің Бухгалтерлік есеп және қаржы басқармасында 2012 жылғы 1 және 23 тамыз аралығында G-7 санатты сарапшы, 2012 жылғы 24 тамыз бен қазан аралығында сарапшы.

2012 жылғы қазаннан 2014 жылғы сәуір аралығында Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің Бухгалтерлік есеп және қаржы басқармасында бас сарапшы, 2014 жылғы сәуір айынан Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің Бухгалтерлік есеп және қаржы басқармасының басшысы болып қызмет атқарды.

2014 жылғы қазан айынан бастап 2017 жылғы қаңтар аралығында - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің Бухгалтерлік есеп және қаржы басқармасының басшысы.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті төрағасының 2017 жылғы 14 қаңтардағы №1 ж/қ бұйрығымен Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің Экономика, қаржы және құжаттамалық қамтамасыз ету басқармасының басшысы болып тағайындалды.



Елеуов Серік Саматұлы – Афинада (2004ж) өткен Жазғы Олимпиада ойындарының бокстан қола жүлдегері. Бокстан Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері.
Казпотребсоюз Қарағанды Экономикалық Университетін бітірді.
Бокспен 15 жыл айналысты

1999 жыл:

-жасөспірімдер арасындағы Әлем Чемпионы, Буэнос-Айрос қаласы (Аргентина)

2001 жыл:

-Қазақстан Республикасының І-ші жазғы Спартакиадасының жеңімпазы

2003 жыл:

-Қазақстан Республикасының мықты боксшыларының турнирінің жеңімпазы, Қарағанды қаласы;

-Э.Хасановтың естелігіне арналған халықаралық турнирінің жеңімпазы, Алматы қаласы;

-V Орталық Азия ойындарының күміс жүлдегері, Душанбе қаласы (Тәжікстан);

-Қазақстан Республикасының чемпионы, Астана қаласы

2004 жыл:

-Ауғанстанда қаза тапқан жауынгерлерге арналған халықаралық турнирінің жеңімпазы, Санкт-Петербург қаласы;

-I Олимпиадалық лицензиондық турнир, Гуанчжоу қаласы (Қытай), 1 орын, Афин қаласында Грецияда өтетін -XVIII жазғы Олимпиада ойындарына лицензия ұтып алды;

-Европаның мықты боксшыларының Халықаралық турнирінің күміс жүлдегері (олимпиада алдындағы турнир, Бухарест қаласы (Румын))

-XXVIII жазғы Олимпиада ойындарының қола жүлдегері, Афин қаласы (Греция)
Үкімет марапаты «Ерең еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Момцелидзе Иосиф Шотаевич – жасөспірімдер арасында (2000ж) еркін күрестен әлем чемпионы

Казпотребсоюз Қарағанды Экономикалық Университетін бітірді.

Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, еркін күрес бойынша.

Күміс және қола жүлдегері жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатының (1999 ж., Сидней, Австралия).

Жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионы (2000 ж., Нант, Франция).

Қазақстанның екі дүркін чемпионы (2001 ж. 2003 ж.).

ҚР-ң Кубогінің иегері (2003 ж.).

Басшысы облыстық БЖМОРСМ күрес түрлері бойынша «Дәулет».



Қатаев Нұржан Жолымбекұлы – еркін күрестен (2006ж) Азия чемпионы

1999-2003 жылдар аралығында Қарағанды экономикалық Университетінде оқыған.

Еңбек жолын 2003-2008 жылдар аралығында Астана қаласында "Ұлттық командалардың спорт резерві дирекциясында" спорт нұсқаушысы болып бастаған.

2009 жылдың маусым айынан 2009 жылдың қыркүйек айы аралығында Қазақстан Республикасы Премер - Министрі концеляриясында қаржы шаруышылығы бөлімінің expertті міндетін атқарушы, 2001-2012 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Премер -

Министрі концеляриясында қаржы шаруашылығы бөлімінің бас expertті, 2012-2013 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы бәсекелестікті қорғау агенттігі әділеттік өызмет департаментінің мемлекеттік кәсіпорындар мен экономикалық концентраттарды бақылау басқармасында бас expertті болып қызмет атқарған. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы мәдениет және Спорт министрлігінің спорт комитетінде жауапты қызметкер. Еркін күрестен жасөспірімдер арасында Әлем чемпионатының және Азия чемпионатының алтын жүлдегері. Алматы қаласында Азия чемпионатының алтын жүлдегері. Мәдениет және Спорт министрлігінің жауапты қызметкері, Астана қаласының тұрғыны.



Бикчентаев Радик Хамитович – үш олимпиадаға қатысушы, Қысқы олимпиадалық ойындардың (1999 ж) чемпионы

2002-2006 жылдар аралығында Қарағанды экономикалық Университетінде оқыған.

1994 - 2003 ж.ж Қазақстан Республикасы Чемпионаттарының бірнеше дүркін чемпионы, Әлем Кубогі кезендерінің, Әлем Чемпионаттарының қатысушысы.

1994 жыл — Норвегия, Лиллихамер қаласындағы Олимпиада ойындарының қатысушысы

1996 жыл — Қытайданғы Азиада ойындарының күміс және қола жүлдегері

1998 жыл — Япония, Нагано қаласындағы Олимпиада

ойындарының қатысушысы

1999 жыл — Корея, Кангвон қаласындағы Азиада ойындарының жеңімпазы

2002 жыл — участник Олимпийских игр в г. Солт-Лейк Сити, АҚШ, Солт-Лейк Сити қаласында өткен Олимпиада ойындарының қатысушысы

2002 жыл — ҚР туын ұстаушы

2003 жыл — Япония, Аомор қаласында өткен Азиада ойындарының күміс жүлдегері



Аитова (Коржова) Марина Александровна – биіктікке секіруден Жазғы Азия ойындарының (2006 ж) чемпионы, Универсиада (2007 ж) чемпионы, Азия (2010 ж) чемпионы.

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің халықаралық экономикалық қатынастар факультетін бітірген (2002), экономист-халықаралық білгір. 1997 жылдан - Қарағанды қаласы БЖСМ-де жеңіл атлетикадан спортшы-нұсқаушы. 2003 жылдан - Алматы қаласы ШҰҚД спортшы-нұсқаушысы. Әлем кубогының қола жүлдегері (Афины, 2006); Азия ойындарының чемпионы (Доха, 2006); Азия чемпионы (Таиланд, 2006); ашық кеңістікте биікке секіруден Азия рекордшысы (Афины, 2009); ҚР көп мәрте чемпионы. Халықаралық кластағы спорт шебері (2000).

Және де Илья Тянь – таэквондодан (2004 ж) Әлем чемпионы, Валерия Курлюк – кикбоксингтен үш мәрте әлем чемпионы, Инга Дудченко – академиялық есуден (2005 ж) Азия чемпионы, Пекинде (2008 ж) өткен Жазғы олимпиада ойындарына қатысушы, жастар арасындағы Әлем чемпионатының (2010 ж) күміс жүлдегері және басқа спортшы-түлектерін де мақтан тұтады.